

"Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиациялық компаниясының бірінші және үшінші кезектегі кредиторлардың алдындағы берешектерін өтеу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 4 тамыз N 1196

"Қазақстан әуе жолы" ҰААК-ның бірінші және үшінші кезектегі кредиторларының 2000 жылғы 21 маусымдағы жиналысының ескертпелері мен ұсыныстарын ескере отырып, "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиациялық компаниясы мен Алматы Авиациялық техниканы техникалық пайдалану және жөндеу жөніндегі орталығының (бұдан әрі - "Қазақстан әуе жолы" ҰААК) бірінші және үшінші кезектегі кредиторлардың алдындағы берешектерін өтеу мәселесін шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан әуе жолы" ҰААК-ның бірінші және үшінші кезектегі кредиторлардың алдындағы берешектерін бағалау және өтеу жөніндегі жұмысты жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттік, "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" ашық акционерлік қоғамы өкілдерінің қатарынан арнайы комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын. Комиссияны басқару және ол туралы ережені әзірлеу "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" ашық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" ААҚ) тапсырылсын.

2. Комиссия бір ай мерзімде:

1) "Қазақстан әуе жолы" ҰААК-ның бірінші және үшінші кезектегі кредиторларының арыздары мен талаптарын тексеруді жүргізсін;

2) олардың алдындағы борыштың қалған өтелмеген сомасын анықтасын, қарызды өтеуге құқығы бар кредиторлардың тізімін дайындасын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне берсін.

3. Заңды тұлғаны тоқтатқан және сот мемлекетке тиісті міндеттемелерді жүктеген жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетімен бірлесіп, 044 "Заңды тұлғалар тоқтатылған жағдайда сот мемлекетке жүктеген өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу" бағдарламасы бойынша (бұдан әрі - Бағдарлама) 2002 жылға арналған республикалық бюджет қаражатынан "Қазақстан әуе жолы" ҰААК-тың бірінші

кезектегі кредиторлардың алдындағы берешектерін белгіленген тәртіппен төлеуді
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Көрсетілген берешек 2002 жылы төленбеген немесе толық көлемде төленбеген жағдайда осы тармақтың орындалуы 2003 жылға көшіріледі және 2003 жылға арналған Бағдарлама бойынша республикалық бюджет қаражатынан қамтамасыз етіледі.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.09.30. N 1070
қаулысымен. Р 0 2 1 0 7 0 _

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының акционерлерімен "Қазақстан әуе жолы" ҰААК-тың үшінші кезектегі кредиторлардың алдындағы берешектерін өтеу мәселелерін реттесін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.09.30. N 1070
қаулысымен.

Р021070_

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.09.30. N 1070
қаулысымен.

Р021070_

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК